

**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**






Ашық сабақ

Тақырыбы «Бесікке салу»

Сыныбы :5 «Ж»

Пән мұғалімі: Данакабаева МР

Бөлім: Отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер	Мектеп: №136 ЖОББМ			
Пәні: қазақ тілі	Мұғалімнің аты-жөні: Данакабаева Мая			
Сынып: 5	Қатысқандар:		Қатыспағандар:	
Сабақтың тақырыбы:	Бесікке салу			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	5.1.4.1. Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау. 5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау.			
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау. Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау. Басым бөлігі: тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау, бейтаныс сөздердің мәнін ажырату; Кейбір оқушылар: ауызша және жазбаша сөйлеудің ерекшелігін салыстыру, мәтіннің негізгі ойын өмірмен байланыстыру.			
Ойлау дағдыларының деңгейі	Түсіну, талдау			
Бағалау критерийлері	- Мәтіндегі маңызды ақпаратты анықтайды. - Ақпаратты салыстыру арқылы түсінеді - Тірек сөздер арқылы тақырыпқа болжам жасайды.			
Құндылықтарға баулу	Зайырлы қоғам және жоғары руханият (3-құндылық)			
Пәнаралық байланыстар	Әдебиет, өзін-өзі тану			
Алдыңғы білім	Балаға ат қою			
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі. Сынып оқушылары түгенделеді. Оқушылар назары сабаққа аударылады. Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. «Мен саған сенемін» жаттығуы. Жұпқа бірігіміз. Бір-біріңізге қарама қарсы орналасыңыз. Азғантай уақыт бір-біріңіздің көздеріңізге тіке қарап, тыныш отырыңыз. Енді бір-біріңізге «Мен саған сенемін, өйткені...» деп сөйлемді жалғастырыңыз. 2 Тыңдалым алды тапсырма. Қызығушылықты ояту.	Сынып оқушылары түгенделеді. Оқушылар назары сабаққа аударылады. «Ой қозғау» әдісімен сұрақтарға жауап беріп, жаңа тақырыптың не туралы болатындығын болжамдайды.	Қалыптастырушы бағалау  - төмен жауап;  - жақсы жауап;  - керемет жауап!	5-сынып «Қазақ тілі» оқулығы

	«Ой қозғау» әдісі. - «Бесікке салу» деген сөзді қалай түсінесіңдер? - Бесікке салу үшін қандай құралдар керек? «Ассоциация» әдісі. Ассоциацияларын постерге жазу    Жаңа сабақ тақырыбы анықталады. Мұғалім сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты мен бағалау критерийімен таныстырады.	Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтайды.		
Сабақтың ортасы	 Тыңдалым тапсырмасы. 1. Бесік той туралы мәтінді (07. mp3) тыңдап, туыстық атаулар мен дәстүр жоралғыларды теріп жазыңдар. <i>Бесік той — дәстүр, отбасындағы тұңғыш нәресте дүниегелгеннен кейін, қырқынан</i>	1. Бесік той туралы мәтінді (07. mp3) тыңдап, туыстық атаулар мен дәстүр жоралғыларды теріп жазыңдар. Тыңдалым		https://anamenbala.kz/salt-dastur/besik-toi-besikke-salu/

шығарылғаннан кейін жасалатын той-думан. Бесік тойда жас нәресте нағашылар жұртының әйелдері әкелген бесікке бөленеді.

Бесік той тек алғашқы перзенттің бесікке бөлену құрметіне жасалады. Ал бесікті алып калетін жақта «Бесік алып бару» дәстүрі бар: бесік тойға апаратын заттар мен жабдықтарды көрші-қолаңдар көреді.

Басқа жұртқа келін болып түскен қызы бірінші босанғанда, төркіні алып барады. Бесіктің жасауын қыздың анасы дайындайды, ал балаға қажетті басқа да заттарды қыздың туған-туыстары алады (заттар нәрестенің жынысына қарай әр түрлі болады). Оған қоса, бесік апарушы жақ құдағиларына берілетін киімін, зергерлік бұйымдары мен дастарқанға қойылатын тәттілерін салып алып барады. Алып барған киімінің ішіне тоғыз түрлі заттар салады. Оны «Тоғыз апару» деп те атайды. Тоғыздың ішіне бағалы киімнен бастап ұсақ заттарға дейін кіреді.

Жаңа бесікке нәрестені бөлемес бұрын бесікке салушы әже бесіктің жабдықтарын орындарына қойып, шашу ретінде алып келген шайлық тәттілері мен ұсақ сыйлықтарын, ақшалай араластырып, бесіктің түбек байлайтын тесігінен өткізіп, қолын тосқан әйелдерге «тыштыма» деп үлестіріп береді. Тыштыма анасы

мәтінін тыңдайды.

Мәтінді тыңдайды; Туыстық атауларды жазады; Дәстүр жоралғыларды теріп жазады; Өз ойын дәлелдейді.

Мәтінді оқындар. Негізгі және қосымша ақпаратты анықтандар. Оқу барысында таныс емес сөздердің астын сызады; Негізгі және қосымша ақпараттарды анықтап, кестеге жазады. Оқылым мәтініндегі «Бсік жырында» балаға айтылатын тілек сөздерді «Тұжырымдамалық кестеге» жазындар.

Қалыптастырушы бағалау



- төмен



- жақсы



керемет жауап!

Қалыптастырушы бағалау



- төмен



- жақсы



керемет жауап!

(Сейіт Кенжеахметұлы)

мен әжесін «бесік тойға кетті» деп, үйлерінде күтіп отырған жас балаларға «Сендердің де ұл-қыздарыңның бесік тойларына жете берейік!» деген тілекпен беріледі.

Бесік тойға жиналған әйелдер әкелінген бесікке байғазыларын береді. Бесікке баға беріліп, «Сыйға – сый» дегендей бесік әкелушілерге киім беріледі. Құдағилар білезік пен жүзіктерін бір-біріне сыйлайды. Бесік жсыры әндері айтылып, би биленіп көңіл көтереді.

Туыстық атаулар	Дәстүр жоралғылар

Дескриптор:

- Мәтінді тындайды;
- Туыстық атауларды жазады;
- Дәстүр мен жоралғыларды теріп жазады;
- Өз ойын дәлелдейді.

ҚБ



Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.

2-тапсырма. Мәтінді оқындар. Негізгі және қосымша ақпаратты анықтандар.

Шілдехана – жаңа туған той. Жастар жиналып, ән салы баланы шілде суына шомылды денсаулықпен бірге байлық та

Бесікке салу. Бесік – қаси болып есептеледі. Бесікке салу

1. Оқу барысында таныс емес сөздердің астын сызындар.

2. Негізгі және қосымша ақпараттарды анықтап, кестеге жазындар.

Негізгі ақпарат

	Дескриптор: • Оқу барысында таныс емес сөздердің астын сызады; • Негізгі және қосымша ақпараттарды анықтап, кестеге жазады. ҚБ Ой толғаныс. «Бір минут» әдісі Оқылым мәтініндегі «Бсік жырында» балаға айтылатын тілек сөздерді «Тұжырымдамалық кестеге» жазыңдар. Батыр, шебер, шешен болу үшін не істеу керек?				
Сабақтың соңы	Рефлексия «Блоб ағашы» (Өзбетінше жұмыс)  Мұғалімнің тиімді кері байланысы Үйге тапсырма: 7-тапсырма.				
Қосымша мәлімет					
Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)			

Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары немесе шынайы, қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?	
Қорытынды бағалау Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1. 2. Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1. 2. Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? 1. 2.	

Тексерілгені Әнуз Божмобасова Ә.ме